Әділет

# Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 4 желтоқсанда № 8125 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 2014 жылғы 31 қазандағы № 35 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының м.а. 31.10.2014 № 35 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 3) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) «Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) «Спорт мектептері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7681204, индексі 5-ДШ, кезеңділігі жылдық) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) «Спорт мектептері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7681204, индексі 5-ДШ, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) «Мамандандырылған оқу-спорттық мекемелері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7691204, индексі 7-ДШ, кезеңділігі жылдық) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) «Мамандандырылған оқу-спорттық мекемелері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7691204,

индексі 7-ДШ, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес;

7) «Мамандандырылған спорт мекемелері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7701204, индексі 8-ДШ, кезеңділігі жылдық) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) «Мамандандырылған спорт мекемелері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7701204, индексі 8-ДШ , кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төрағаның*

*міндетін атқарушы А. Ашуев*

*«КЕЛІСІЛГЕН»*

*Қазақстан Республикасының*

*Спорт және дене шынықтыру*

*істері агенттігінің төрағасы*

*Т. Ермегияев ____________*

*2012 жылғы 12 қараша*

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2012 жылғы 23 қазандағы
№ 288 бұйрығына
1-қосымша

| | |
|---|---|
| | Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді |
| | |

| | |
|---|---|
| | Ведомстволық статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан |

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне тапс
Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz. сайтынан алуға болады

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау, уақтылы тапсыр
дәйексіз деректерді беру «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 381-бабында
әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Статистикалық нысан коды 7671204 | **Дене шынықтыру және спорт саласындағы көрсеткіштер туралы есеп** | | |
| 2-ДШ | | | |
| Жылдық | Есепті кезең | | жыл |
| Астана, Алматы қалаларының, облыстардың Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармалары тапсырады | | | |
| Тапсыру мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтар | | | |
| БСН коды | | | |

## 1-тарау. Спорттық ғимараттар, бірлік

| Жол коды | Спорттық ғимараттар атауы | Барлығы | Соның ішінде объектілер: | | | 1 бағаннан: | | Қабылдау қабілеттілігі, адам |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дене шынықтыру спорттық мәндегі | білім мекемелерінде | | ауылда | жеке меншікте | |
| | | | | спорт залдары | спорт мектептері | | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | Барлығы: | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| 1 | 1500 және одан жоғары орынға арналған трибунасы бар стадион | | | | | | | |
| 2 | спорт сарайлары | | | | | | | |
| 3 | спорттық құрылғылар кешені | | | | | | | |
| 4 | құрама командалардың оқу-жаттығу орталығы | | | | | | | |
| 5 | спорттық кешен | | | | | | | |
| | соның ішінде: - дене шынықтыру сауықтыру кешені | | | | | | | |
| 6 | спорттық манеж | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - футбол манежі | | | | | | | |
| | - жеңіл атлетикалық манежі | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | - ат манежі | | | | | | | |
| 7 | шаңғы базасы | | | | | | | |
| 8 | есу базасы | | | | | | | |
| 9 | атқыштар тирі | | | | | | | |
| 10 | ату алаңы | | | | | | | |
| 11 | велотрек | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - жабық | | | | | | | |
| | - ашық | | | | | | | |
| 12 | акватория (спорттық) | | | | | | | |
| 13 | есу арнасы | | | | | | | |
| 14 | яхт-клуб | | | | | | | |
| 15 | шаңғымен секіруге арналған трамплин | | | | | | | |
| 16 | коньки тебу стадионы | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - жабық | | | | | | | |
| | - ашық | | | | | | | |
| 17 | хоккейлік корттар | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - жабық | | | | | | | |
| | - ашық | | | | | | | |
| 18 | жазықтықты құрылғылар | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - спорттық ядролар; | | | | | | | |
| | - спорттық алаңдар ( лукодром); | | | | | | | |
| | - алаңдар; | | | | | | | |
| | - спорттық трассалар | | | | | | | |
| | теннистік корттар | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - жабық | | | | | | | |
| | - ашық | | | | | | | |
| 20 | 200 және одан жоғары орынға арналған трибунасы бар ипподром | | | | | | | |
| 21 | жүзу бассейндері | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - спорт сарайында және кешендерде | | | | | | | |
| | - жабық | | | | | | | |
| | - ашық | | | | | | | |
| 22 | спорттық залдар | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - спорт сарайы мен кешендердегі залдар | | | | | | | |
| | - жалпы білім беру мекемелеріндегі; | | | | | | | |
| | - орта арнайы оқу мекемелерінде; | | | | | | | |
| | - кәсіби техникалық мектептерде; | | | | | | | |
| | - жоғарғы оқу орындарында; | | | | | | | |
| | - мектептен тыс ұйымдар (спорт мектептері, спорт клубтары, қызығушылықтар бойынша клубтар); | | | | | | | |
| | - кәсіпорындар мен мекемелерде | | | | | | | |
| 23 | орнатылған спорттық залдар | | | | | | | |
| 24 | боулинг орталықтар | | | | | | | |
| 25 | бильярд залдары | | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | | |
| | - (4 үстелден кем емес) | | | | | | | |
| 26 | гольф алаңы | | | | | | | |

## 2-тарау. Штаттағы қызметкерлердің саны, адам

| Жол коды | Атауы | Барлығы | Оның ішінде ауылдық жерлерде | Дене шынықтыру білімі бар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоғары | | Орта-арнаулы | |
| | | | | барлығы | оның ішінде ауылдық жерлерде | барлығы | оның ішінде ауылдық жерлерде |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | Барлығы | | | | | | |
| 1 | оның ішінде әйелдер | | | | | | |
| | соның ішінде: | | | | | | |
| 2 | жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері | | | | | | |
| 3 | дене тәрбиесі жетекшілері мен кәсіби техникалық мектеп мұғалімдері | | | | | | |
| 4 | дене тәрбиесі жетекшілері мен орта арнаулы оқу орындарының мұғалімдері | | | | | | |
| 5 | жоғарғы оқу орындарының оқытушылары | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушылар | | | | | | |
| 7 | спорт бойынша жаттықтырушы-әдіскерлер | | | | | | |
| 8 | қалалар мен аудандардың дене шынықтыру және спорт бөлімдері, Астана мен Алматы қалалары мен облыстарының дене шынықтыру және спорт басқармалары аппаратының қызметкерлері | | | | | | |
| 9 | спорттық клубтар, дене шынықтыру ұжымдары аппаратының, ерікті спорт қоғамдарының, салалық дене шынықтыру-спорттық клубтар қызметкерлері | | | | | | |
| 10 | басқа дене шынықтыру және спорт қызметкерлері | | | | | | |

## 3-тарау. Дене шынықтыру сауықтыру және спорттық жұмыс

| Жол коды | Атауы | Дене шынықтыру ұжымының саны, бірлік | Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатындар саны (адам) | Шұғылданатындардың жалпы санында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданады | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | спорт түрі бойынша секцияларда, топтарда | дене шынықтыру сауықтыру бағыты бойынша топтарда | ақылы топтарда |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Барлығы | | | | | |
| 2 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 3 | жалпы білім беру мекемелерінде | | | | | |
| 4 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 5 | мамандандырылған техникалық мектептер мен училищелерде | | | | | |
| 6 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 7 | орта арнайы оқу орындарында | | | | | |
| 8 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 9 | жоғарғы оқу орындарында | | | | | |
| 10 | ұйымдарда | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 12 | балалар жасөспірімдер клубында | | | | | |
| 13 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 14 | дене шынықтыру дайындығындағы балалар-жасөспірімдер клубында | | | | | |
| 15 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 16 | қызығушылықтары бойынша дене шынықтыру-сауықтыру клубтарда | | | | | |
| 17 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 18 | мамандандырылған спорттық клубтарда | | | | | |
| 19 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 20 | Барлық санаттағы мүгедектер үшін дене шынықтыру және спорт клубтарында | | | | | |
| 21 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 22 | балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде, олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда | | | | | |
| 23 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |
| 24 | соның ішінен ауылдық жерлерде | | | | | |

3.1 Дене шынықтырумен шұғылданатын 24-тен астам ішінен, _________ соның ішінде ауылдық жерлерде ________

3.2 Дене шынықтырумен шұғылданатын әйел адамдар ішінен, _________ соның ішінде ауылдық жерлерде ________

**4-тарау. Оқу мекемелерінде дене шынықтыру бойынша сабақтарға қатысу туралы ақпарат**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Жол коды | Оқу орындарының санаты | Оқу мекемелерінің саны, бірлік | | | Оқушылардың саны, адам | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | оның ішінде: | | Барлық оқушылардың саны, адам | соның ішінен барады: | |
| | | | дене шынықтырудан үш сабақ бойынша оқу бағдарламасына көшті | дене шынықтыру сабақтарында балалар мен қыздарды жеке оқыту | | дене шынықтыру бойынша оқу сабақтарына | арнайы медициналық топтарда дене шынықтыру бойынша сабақтарға |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жалпы білім беру мектептерінде | | | | | | |
| 2 | Кәсіби техникалық мектептерде | | | | | | |
| 3 | Орта арнайы оқу орындарында | | | | | | |
| 4 | Жоғарғы оқу орындарында | | | | | | |

## 5-тарау. Спорт түрлерін дамыту бойынша жұмыс

| Жол коды | Спорт түрлері | секциялар саны, бірлік | | шұғылданатындар саны, адам | | жаттықтырушылар саны, адам | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | соның ішінде ауылдық жерлерде | барлығы | соның ішінде ауылдық жерлерде | барлығы | соның ішінде ауылдық жерлерде | штаттағы жаттықтырушылар саны | соның ішінде ауылдық жерлерде |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Олимпиада бағдарламасына кірген спорт түрлері | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | Олимпиада бағдарламасына кірмеген спорт түрлері | | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | |
| | спорттың ұлттық түрлері | | | | | | | | |
| | спорттың техникалық түрлері | | | | | | | | |
| | мүгедектер спорт түрлері | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Атауы _______________________ Мекенжайы ______________________________
_____________________________ Телефоны _______________________________

____________________________ Электрондық пошта мекенжайы ___________
Орындаушының аты-жөні __________________________ тел. ________________
Басшы ______________________ (аты-жөні, тегі, қолы) _________________
Бас бухгалтер ______________ (аты-жөні, тегі, қолы) ________________
М.О.

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2012 жылғы 23 қазандағы
№ 288 бұйрығына
2-қосымша

**«Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Бұл «Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі агенттігімен әзірленген және ведомстволық статистикалық байқаудың «Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» статистикалық нысанын (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында мынадай анықтамалар қолданылады:

1) Акватория (спорттық) - арнайы белгіленген су беті, онда оқу-жаттығу үдерісі мен есу және желкен спортынан жарыстар өткізіледі.

2) Атыс тирі - әскери немесе спорттық қарудан атуға арналған жабық немесе ашық ғимарат.

3) Атыс алаңы - әр түрлі атыс түрлеріне арналған ашық немесе жабық (жартылай жабық) ғимараттар кешені.

4) Әмбебап спорттық-думанды (көрсетілім) залы (Спорт сарайы) - 1000 және одан да көп көрерменге арналған жабық ғимарат (жабық арена). Көрермендердің негізгі алаңының өлшемі қолмен айналысатын барлық ойындарды өткізуге, болмаса, ең аз дегенде, жарыс ережесімен белгіленген өлшемі бар хоккей

қорабын орналастыруға мүмкіндік береді. Әмбебаптылыққа трансформациялау есебінен қол жеткізіледі.

5) Велотрек (ашық, жабық) - еңіс және есептелген бұрылыстары бар, баяу жүріс алаңы және қызмет көрсету жайлары бар кең ауқымдағы жабық немесе ашық ғимарат. Көрермендерге арналған мінбесі болуы мүмкін.

6) Есу базасы - есу және желкен спорт түрлеріне арналған ғимараттар кешені.

7) Есу арнасы - 200 метрлік қашықтықтағы, «тура» және «кері» сулары бар, қажетті қызмет көрсету ғимараттары бар жасанды ғимарат.

8) Қосып салынған спорт залдары - құрылыс мөлшері кемінде 9х18х5 залдар. Мұндай үй-жайлар спорттық мақсаттағы үйлерге қосып салынады.

9) Құрама командалардың оқу-жаттығу орталығы - ұзақ мерзімге арналған жиындарды өткізуді қамтамасыз ету үшін медициналық қалпына келтіру орталығы, жатын корпустары, асханасы және ұзақ мерзімді жиындар өткізуді қамтамасыз ету үшін демалыс мекемесі бар кешен.

10) Спорт ғимараттарының кешені - бір аумақта орналасқан және бірдей басқарылатын оқу-жаттығу жұмысы мен жарыстар өткізуге арналған көлемді және жазық ғимараттардың бір үлгідегі және әртүрлі үлгідегі тобы.

11) Спорт кешені - негізгі элементі спорт залы болып табылатын жеке тұрған спорт кешені. Залдардың саны шектеусіз. Көрермендерге арналған құрылғысы болуы мүмкін. Залмен (залдармен) бірге жүзу бассейні орналасуы мүмкін.

12) Спорттық манеж (футбол, жеңіл атлетикалық, ат спортына арналған) – оқу-жаттығу үдерісінің талаптарын және үлкен өлшемдегі жазық ғимараттарды негізгі есебінде қолданатын спорт түрлерінің жарыс ережелерін қанағаттандыратын және жеке тұрған немесе қосып салынған ғимарат (алаңдар, спорттық ядро). Көрермендерге арналған орындар болуы мүмкін.

13) Шаңғы базасы - шешінетін, шаңғы сақтайтын және басқа да қызмет көрсету жайлары мен шұғылдану немесе сырғанау үшін трассалары бар ғимараттар кешені. Трассалар құрамында шаңғы стадионы, ұзындығы кемінде 400 метр, ені 100 м. төрешілер павильоны, көрермендерге арналған мінбері бар сөре мен мәреге арналған учаскесі болуы мүмкін.

14) Шаңғымен секіруге арналған трамплин - (әдетте, эстакада түрінде) жылдамдық алатын төбеден, түсетін төбеден тұратын, нормаға және құрылғыларға техникалық сәйкес жабдықталған, пайдаланудың қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ете отырып, бір мезетте оқу-жаттығу мен жарыс өткізуге арналған қажетті ауқымды ғимарат.

15) Яхт-клуб - желкен спортымен айналысу үшін ірі су қоймасының жағалауындағы ғимараттар кешені.

16) 1500 және одан да көп орынға арналған мінбері бар стадион - спорттық аренасы бар кешен, өз кезегінде бұл мінбелері бар спорттық ядро. Ашық жерде –

1500 адам, ғимаратта – 500 адамнан бастап.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша статистикалық нысандарды облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармалары ұсынады.

4. «Дене шынықтыру және спорт саласындағы негізгі көрсеткіштер туралы есеп» статистикалық нысаны (коды 7671204, индексі 2-ДШ, кезеңділігі жылдық) 1-қаңтардан бастап 31-желтоқсанға дейінгі кезеңде (қосқанда) толтырылады.

## 1. Спорт ғимараттары

5. Статистикалық нысанның осы тарауында басқармалар облыстың аумағында орналасқан барлық спорт ғимараттары бойынша есеп береді.

6. Оқу-жаттығу сабақтарын және дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық іс-шараларды өткізуге бағытталған қолданыстағы, сондай-ақ қалпына келтірудегі , күрделі жөндеудегі, жеке тұрған және кешенді ғимараттардың құрамына жататын, спорт түрлерінен жарыс ережелеріне жауап беретін, паспорты немесе есеп карточкасы бар (жазық спорт ғимараттары), белгіленген тәртіппен тіркелген , барлық меншік нысанындағы спорт ғимараттары есепке алынады.

7. «Жүзу бассейндері» деген 21-жолда, тек жалғыз тұрған, жүзу бассейндерінің ғимараттары ғана емес, сондай-ақ Спорт сарайларындағы, спорт кешендеріндегі, ашық және жабық бассейндер де кіреді. Олардың әрқайсысының ұстанымы бойынша санын міндетті түрде көрсету қажет.

8. «Спорт залдары» деген 22-жолда өлшемі 9х18 метр, биіктігі кемінде 5 метр , белгілі бір жаттығу түріне немесе әмбебаптылыққа арналған жабық ғимарат. Бассейндердегі құрғақ жүзуге арналған залдар есепке алынбайды, себебі қосымша жаттығуларға арналмаған, сонымен қатар Спорт сарайларында және спорт кешендерінде, жалпы білім беретін, кәсіптік техникалық мектептерде, орта және жоғары оқу орындарындағы залдар саны бөліп көрсетіледі.

## 2. Штаттағы қызметкерлердің саны

9. Тізімдік құрамда қызметкердің лауазымы қандай да бір кәсіпорын, ұйым, мекеме, оқу орны, кәсіподақ, спорт ғимараты, дене шынықтыру ұжымы (спорт клубы) штат кестесіне бекітілгеніне қарамастан, ұйымдардың тізімдерінде барлық штаттық дене шынықтыру қызметкерлері есепке алынады.

10. Есепші, есептік-жоспарлау, медициналық, техникалық қызметкерлердің, қызмет көрсетушілердің, жаттықтырушы-оқытушылардың аптасына кемінде 24 сағат сағаттық төлемдегі (қоса атқару) қызметін қоса атқару бойынша штаттық лауазымда отырған тұлғалар есепке қосылмайды.

11. Білімі туралы мәліметтер арнаулы оқу орнының (дене тәрбиесі) толық

курсын бітіргені туралы құжаттың негізінде толтырылады.

12. 6-жолда аптасына 24 сағат және одан да көп жүктемесі бар сағаттық төлемдегі жаттықтырушы-оқытушылар есепке алынады, соның ішінде төлемақысы штаттан тыс қордан, абонементтер мен аударымдарды іске асырудан алынатын қаражаттар есебінен жүргізілетін дене дайындығының балалар мен жасөспірімдер клубында, тәрбиелеу орталықтарындағы спорт түрлері бойынша үйірмелардің жетекшілері, ақылы абонементттік топтардың жаттықтырушылары және т.б.

13. 10-жолда осы бөлімнің 2-9-жолдарында көрсетілмеген дене шынықтыру бойынша штаттық лауазымда отырған тұлғалар есепке алынады.

### 3. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысы

14. Осы бөлімде халықтың барлық жас топтарымен осы бөлімнің тізбесінде көрсетілген мекемелерде, кәсіпорындарда, бірлестіктер мен ұйымдарда жұмыс жүргізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының барлық нысандары есепке алынады.

15. Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданатын адамдар қатарына таңдаған спорт түрімен немесе жалпы дене тәрбиесімен аптасына кемінде 3 рет немесе 3 жиынтық сағат (жалпы білім мекемелеріндегі сабақ түріндегі жаттығудан басқа) жаттығумен айналысатындар жатады.

16. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын адамдарды есепке алу секциялардың, топтардың жұмысын есепке алу журналы бойынша қатаң жүргізіледі. Әрбір шұғылданатын адам бір ғана жаттығу нысаны бойынша есепке алынады.

### 4. Оқу мекемелерінде дене шынықтыру сабақтарына қатысу туралы ақпарат

17. 4-бөлімінде спорт түрлері бойынша секцияларда және дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы топтарда шұғылданатын адамдар саны ескеріледі. Әрбір шұғылданатын адам бір ғана топ бойынша есепке алынады.

18. 1-бағанда барлық оқу мекемелерінің саны көрсетіледі.

19. 2-бағанда «Дене шынықтыру және спорт» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жұмыс істеп жатқан оқу мекемелерінің саны көрсетіледі: 1-2-жолдар үшін үш сағаттық дене шынықтыру бойынша оқу жоспары, 3-4-жолдар үшін төрт сағаттық дене шынықтыру бойынша оқу жоспары.

20. 3-бағанда дене шынықтыру сабақтарында балалар мен қыздарды жеке оқытатын білім мекемелерінің саны көрсетіледі.

21. 4-бағанда білім мекемелері оқушыларының жалпы саны көрсетіледі.

22. 5-бағанда білім мекемелерінің дене шынықтыру және спорт сабақтарына қатысатын оқушылардың саны мынадай көлемде көрсетіледі: 1-2- жолдар үшін аптасына 3 сағат, 3-4-жолдар үшін аптасына 4 сағат.

23. 6-бағанда денсаулық жағдайы бойынша арнайы медициналық топтарда шұғылданатын және жұмысты есепке алу журналдарында есепке алынатын оқушылардың саны көрсетіледі.

## 5. Спорт түрлерін дамыту бойынша ақпарат

24. 5-бөлімінде дене шынықтыру ұжымындағы спорт секцияларының саны есепке алынады. Оның ішінде шұғылданатындардың және жаттықтырушылардың саны туралы мәлімет көрсетіледі.

25. 1-бағанда сол немесе одан басқа спорт түрінен секциялардың, топтардың жалпы саны есептеледі.

26. 2-бағанда 1-бағаннан ауылдық жердегі саны көрсетіледі.

27. 3-бағанда спорт түрлерінен секцияларда, топтарда аптасына кемінде 6 сағат шұғылданатын адамдар спорт секциясының, сабақ кестесінің жұмыс журналына сәйкес есепке алынады, бұл ретте әрбір шұғылданатын адам тек бір ғана секцияда есептеледі.

28. 4-бағанда 3-бағандағы жалпы дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын адамдар санынан ауылдық жерде шұғылданатын адамдар саны көрсетіледі.

29. 5-бағанда спорттан сабақ өткізетін жаттықтырушы-оқытушылардың жалпы саны, соның ішінде штаттық жаттықтырушылар, аптасына кемінде 24 сағат еңбекақымен сағаттық жұмысты қоса атқаратындар және қоғамдық негізде жұмыс істейтіндер.

30. 6-бағанда 5-бағандағы ауылдық жерде жұмыс істейтін жаттықтырушылардың саны көрсетіледі.

31. 7-бағанда спорттан сабақ өткізетін жаттықтырушы-оқытушылардың, аталған дене-шынықтыру ұжымдарының, спорт клубының, кәсіподақ ұйымының және т.б. штатындағы немесе аптасына 24 сағаттан көп жүктememen сағаттық еңбекақы төлеудегі жаттықтырушы-оқытушылардың саны көрсетіледі.

Ескертпе: осы бөлімде көзделмеген жаңа спорт түрлері қосымша жазылады.

6. Арифметикалық-қисынды бақылау:

1-бөлім. «Спорттық ғимараттар, бірлік»:

1-бағанның көрсеткіші 2, 3, 4-бағандардың қосынды санына тең.

1-бағанның жиынтығы 5, 6-бағандардың қосынды санына тең немесе одан көп;

қисындық бақылаудың шарттары - «Барлығы» деген жол 1-26-жолдардың қосынды санына тең.

2-бөлім. «Штаттағы қызметкерлердің саны, адам»:

1-бағанның көрсеткіші 3, 5-бағандардың қосынды санына тең.

2-бағанның жиынтығы 4, 6-бағанның қосынды санына тең;

қисындық бақылаудың шарттары - «Барлығы» деген жол 1-10-жолдардың қосынды санына тең.

3-бөлім. «Дене шынықтыру сауықтыру және спорттық жұмыс»:

2-бағанның көрсеткіші 3, 4, 5-бағандардың қосынды санына тең.

қисындық бақылаудың шарттары - «Барлығы» деген жол 3, 5, 7, 9, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22-жолдардың қосынды санына тең.

2-жол 4, 6, 8, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23-жолдардың қосынды санына тең.

4-бөлім. «Оқу мекемелерінде дене шынықтыру бойынша сабақтарға қатысу туралы ақпарат»:

1-бағанның көрсеткіші 2, 3-бағандардың қосынды санына тең.

5, 6-бағандардың көрсеткіштері 4-бағанға тең немесе одан кіші;

5-бөлім. «Спорт түрлерін дамыту бойынша жұмыс»:

1-бағанның көрсеткіші 2-бағанға тең немесе одан көп;

3-бағанның көрсеткіші 4-бағанға тең немесе одан көп;

5-бағанның көрсеткіші 6-бағанға тең немесе одан көп;

7-бағанның көрсеткіші 8-бағанға тең немесе одан көп.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығына 3-қосымша

| | |
|---|---|
| | Құпиялылығын мемлекеттік статистика органдары кепілдендіреді |
| | Ведомстволық статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан |
| Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне тапсыры Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz. сайтынан алуға болады | |
| Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді тапсырмау, уақтылы тапсы және дәйекті емес деректерді беру Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіні бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады | |
| Статистикалық нысан коды 7681204 | **Спорт мектептері туралы есеп** |
| 5-ДШ | |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| Жылдық | Есептік кезең | |

Аудандық (қалалық) дене шынықтыру және спорт органдары, дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергі атқарушы органдар тапсырады

Тапсыру мерзімі: аудандық (қалалық) дене шынықтыру және спорт органдары облыстағы дене шынықтыру және с жөніндегі жергілікті атқарушы органға – есептік кезеңнің 1 желтоқсанына дейін, облыстың дене шынықтыру және саласындағы жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агентті есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда тапсырады

Тапсыру мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтар

| | |
|---|---|
| БСН коды | |

# 1-тарау. Спорт түрлері бойынша бөлімше жыл соңындағы жұмысының негізгі көрсеткіштері

## 1.1 Оқу топтарының саны, бірлік

| Жол коды | Спорт түрі | Бөлімшелер саны | Оқу топтарының саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | спорттық сауықтыру | алғашқы дайындық | оқу-жаттығу | спорттық жетілдіру | жоғары спорт шеберлігі |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | | | |

## 1.2 Топтарда шұғылданатын спортшылардың саны, адам

| Жол коды | Спорт түрі | Барлығы | Соның ішінде топта шұғылданатындар саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | спорттық сауықтыру | алғашқы дайындық | оқу-жаттығу | | | |
| | | | | | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | 3 оқу жылы | 3 жылдан астам |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | | | |

| Жол коды | Спорт түрі | Спорттық жетілдіру | | | Жоғары спорт шеберлік |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | 3 жылдан астам | барлық кезең |
| А | Б | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | |

## 1.3 Спортпен айналысатын разряды бар спортшылардың саны, адам

| Жол коды | Спорт түрі | Барлығы | Спорттық дәрежелері және спорттық атақтары бар[1] | | | | Есептік жылда разрядты-спортшылар дайындалды | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I спорттық разряд | спорт шеберлігіне үміткер | спорт шебері | Халықаралық дәрежедегі спорт шебері | II, III және жасөспірімдік спорттық разрядтары | I спорттық разряд | спорт шеберлігіне үміткер | спорт шебе |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Барлығы | | | | | | | | | |
| | соның ішінде спорт түрлері бойынша | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

______________________

[1] Әр оқушы бір рет ең жоғарғы разряд бойынша есепке алады

**1.4 Жаттықтырушылардың саны, адам**

| Жол коды | Спорт түрі | Барлығы | Оның ішінде санатты бар: | | | Штатта | Оның ішінде жоғары білімді | Соның ішінде дене шынықтыру білімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоғары | I | II | | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Барлығы | | | | | | | |
| | соның ішінде спорт түрлері бойынша | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

**2-тарау. Ведомстволық бағыныстағы мектептер бойынша жиынтық деректер**

**2.1 Мектептің әкімшілігі туралы және оларды ұстауға кеткен шығындар бойынша ақпарат**

| Жол коды | Қарамағында мектептері бар ұйымдар | Мектептің штаттық-әкімшілік кадрлары, барлығы, адам | Мектептің басшылығы[2], барлығы, адам | Соның ішінде | | Мектепті ұстауға кеткен шығындар (мың теңге ) | Спорт ғимараттарын пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоғары дене шынықтыру білімі бар | әйелдер | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Барлығы | | | | | | |
| | соның ішінде | | | | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | | | | | | |
| 3 | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқарушы органдары | | | | | | |
| 4 | Басқа ұйымдар | | | | | | |
| 5 | Жеке ұйымдар | | | | | | |
| 6 | Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі | | | | | | |

______________________

[2] Директор, оқу жұмысы бойынша меңгеруші, нұсқаушы

**2.2 Спорт мектептерінің саны, бірлік**

| Жол коды | Қарамағында мектептері бар ұйымдар | Мектептердің саны, барлығы | Соның ішінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, бірлік | Оның ішінде мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, бірлік |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Барлығы | | | |
| | соның ішінде | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | | | |
| 3 | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқарушы органдары | | | |
| 4 | Басқа ұйымдар | | | |
| 5 | Жеке ұйымдар | | | |

## 2.3 Спорт мектептерінде оқитын оқытушылардың саны, адам

| Жол коды | Қарамағында мектептері бар ұйымдар | Бірінші оқу жылында топқа қабылданды | | Топтағы соңғы оқу жылын аяқтады | | | | Соның ішінен қоғамдық жаттықтырушылар және төрешілер атағын алғандар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оқу-жаттығу | спорттық жетілдіру | алғашқы дайындық | оқу-жаттығу | спорттық жетілдіру | жоғары спорт шеберлігі | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Барлығы | | | | | | | |
| | соның ішінде | | | | | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | | | | | | | |
| 3 | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқарушы органдары | | | | | | | |
| 4 | Басқа ұйымдар | | | | | | | |
| 5 | Жеке ұйымдар | | | | | | | |

## 2.4 Спорттық-сауықтыру лагерлердің саны және осы лагерлерге шыққан оқушылар саны

| Жол коды | Қарамағында мектептері бар ұйымдар | Спорттық-сауықтыру лагерлер саны, бірлік | Ондағы орындар, бірлік | Лагерлерге шыққан оқушылар саны, адам |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| 1 | Барлығы | | | |
| | соның ішінде | | | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | | | |
| 3 | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқарушы органдары | | | |
| 4 | Басқа ұйымдар | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Жеке ұйымдар | | | |

**3-тарау. Есептік кезеңде дайындалған халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері мен Қазақстан Республикасының спорт шеберлері тізімі, адам**

| Жол коды | Аты-жөні, тегі | Туған жылы | Мектепке түскен жылы | Атағын иеленді | | Атағын иелену мерзімі, бұйрық пен белгінің № | Ерікті спорттық қауымдастығының мүшесі[3] | Жаттықтырушының аты-жөні, тегі, әкесінің аты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Спорт түрі | Жаттығу, салмақты дәрежесі және т.б. | | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

Атауы ______________________ Мекенжайы ______________________________
_____________________________ Телефоны ______________________________
_____________________________ Электрондық пошта мекенжайы ___________
Орындаушының аты-жөні __________________________ тел. ________________
Басшы _______________________ (аты-жөні, тегі, қолы) ________________
Бас бухгалтер ______________ (аты-жөні, тегі, қолы) ________________

М.О.

———————————————————————————————

[3]Егер спортшы ерікті спорттық қауымдастығының мүшесі болса

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
міндетін атқарушының
2012 жылғы 23 қазандағы
№ 288 бұйрығына
4-қосымша

## «Спорт мектептері туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың (коды 7681204, индексі 5-ДШ, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

